

**ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АНАЛАРДЫҢ МЕЙРАМЫ!
ЖАРҚЫРАҢДАР, ЖАЗ КҮНІНДЕЙ ЖАЙДАРЫ**

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№02-03(533) 6 наурыз 2023 жыл

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

8 наурыз

Халықаралық әйелдер күні!

Ардақты аналар, аяулы арулар, қымбатты қыздар!

Сіздерді көктемнің қанатына ілесіп келген Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Ана – қашанда тіршіліктің тірегі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі, жақсылықтың бастауы. Халқымыз әрқашан әйел затын қастерлеген, ырыс пен ынтымақтың алтын діңгегіне балаған. Көктемнің гүлдей құлпырып, әрқашан бақытты да баянды ғұмыр кешіңіздер! Бүгінгі мерейлі мереке қарсаңында дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

Жанар ТЕМІРБЕКОВА
университет ректоры

АНА - ӨМІРДІҢ ШУАҒЫ, ТІРШІЛІКТІҢ ШЫРАҒЫ

8-наурыз ақ жаулықты апарарымыз бен аналарымыздың, қызғалдақ қыздардың төл мерекесі. Отан отбасынан басталады деген ұғымға сәйкес, әйелдің қоғамдағы рөлі ерекше. Өйткені отбасының құты болған әйел Отанға да адал қызмет етеді. Әйел-Ана — өмірдің өзегі, тіршіліктің күре тамыры, ыстық ықылас пен ыждаһаттың, пәктік пен тазалықтың қайнары. Осынау жарқын мерекенің біздің барлық үміттеріміз бен армандарымызды тығыз байланыстыратын көктемнің алғашқы айының басында келуі, жақсылықтың нышаны болса керек. Қазақ әйелі бағзыдан даланы қорғаған, ерлермен бірге ерлік жасаған. Қазақ әйелі тек қана ошақ басының емес, бүкіл өмірін, ұрпағын сақтаған, ерліктің үлгісін көрсеткен. Бесік тербейтін, батырды өсіретін, ұлтымызды сақтайтын, ертеңгі ерлерді өсіретін әйел, келін, ана.

Ана дегенде тебіреніп, толғанбайтын жан болмайды. Әр адам өз анасын жанындай жақсы көріп, дүние есігін ашқан сәттен бастап сыйлап өтеді. Тоғыз ай құрсағында көтеріп, жарық дүниеге алып келген анаға қандай құрмет жасасақ та артық етпейді.

Осы бір тамаша көктем мерекесі әйелге тән өдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі сияқты. Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі. Ана - бір қолымен бесікті тербесе, екінші қолымен әлемді тербейтіні жиі айтылады. Кешегі ұлы ақын Абайдың дүниетанымының кеңейіп, таным көкжиегінің дамуына әжесі Зере мен анасы Ұлжанның қосқан үлесі де аз емес. Абайдың әжесі шексіз мейрім мен жылуға толы аяулы ана. Немересі Абай үшін ішкен асын жерге қоятын Зере ...

Егерде Зере әжеміз жас баланың аңыз-әңгімелерге деген құлшынысын ашпаса, Абай қолына қалам ұстап, ұлы адам болар ма еді?

Абылай ханның келіні, Уәли ханның әйелі, Шоқан Уәлихановтың әжесі болған Айғаным ханым тарихта ізін қалдырған дара тұлға. ... Айғаным Сарғалдаққызы – XIX ғасырдағы қазақ әйелдерінен шыққан қоғам қайраткері. Абылай ханның келіні, Уәли ханның әйелі, Шоқан Уәлихановтың әжесі. Міне тарихта аты қалған ұлы тұлғалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге ана-әжелердің қосқан үлесі зор.

Мереке құтты болсын, асыл жандар! Әрқашан да денсаулықтарыңыз мықты, еңбекте табысты болыңыздар!

Жанар БЕЙСЕНБАЕВА
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

ГҮЛ ӨССЕ - ЖЕРДІҢ КӨРКІ

Түркістанға көктем ерте келеді. Иә, расында оңтүстік өңір қай мезгілде болмасын қабақ шытқан кезін көрмейсің. Қашанда құшағын ашып, күннің көзі күлімдеп тұрады. Жыл сайын қызғалдақ гүлдері де осы өңірде ерте бұр жарады. «Көктемдей құлпырып жүр», «Гүлдей жайна» деген халық арасында қыздар қауымына айтатын жақсы тілектер бар. Міне, осы хош иіске бөленген қызғалдақ гүлдер қала көркін одан әрі ашқандай. Ахмет Ясауи университеті ботаникалық бағы осы қуаныштың себепкері.

Түркістан облысы шөлейтті аймақ болса да, гүлдердің ерте бұр жарғаны көпшілікті қызықтырмай қоймайтыны анық. Ботаникалық бақ соңғы 3 жылда арнайы жылыжайда қызғалдақтың бірнеше түрін өсіруді қолға алған. Профессор Апушев Амангелді бастаған университет ғалымдары қызғалдақтардың коллекциясын жинап, гүл күтімі мен оны көбейту жолының түрлі әдістерін зерттеп келеді. Нәтижесінде, қазір қызғалдақтың 22 түрі бар, олардың 15-і мәдени, 7-уі арнайы экспедициямен алып келген жабайы түрі. Олардың барлығы тек жылыжай ішінде ғана емес, ашық аспан астында да өсіп шығады. Мамандардың айтуынша, топырақтың құрамында балшық, енді бірінде ағаш ұнтағы, үшіншісінде шымтезек бар. Бұлардың барлығы қызғалдақтың қай түрі қандай топыраққа бейім екендігін білу мақсатында жүргізіліп жатқан зерттеулердің бірі.

Халықаралық деңгейдегі оқу ордасы қашан да осындай ерекше бастамаларды қолдауға дайын. Оған дәлел, ғалымдардың маңдай тер еңбектері ескеріліп, өткен жылы Ғылым Комитетінің қолдауымен қызғалдақтарға бағытталған 77 млн.тенгелік гранттық қаржыландыру жобасы басталған. Жобаның негізгі мақсаты – қызғалдақ гүлдерді жеделдете көбейтудің тиімді әдістерін жасау, гүл өсіру технологиясын бейімдеу және қолданысқа енгізу арқылы Қазақстанның гүл өсіру саласын дамыту болып табылады.

Биылғы жылдан бастап алғаш рет қызғалдақтарды сатылымға шығарады. Көктем мерекеге толы ай. Алда келе жатқан 8-наурыз халықаралық Әйелдер күніне

орай 2 мыңнан астам қызғалдақ гүліне сұраныс түсіпті. Қызғалдақтардың ең үлкен ерекшелігі - 1 аптаға дейін солмай, көздің жауын алып тұрады. Екінші ерекшелігі, Голландиядан келген қызғалдақ пиязшықтары басқа елдердегі жерсінуді 65 % аспаса, мұндағы көрсеткіш 93-94% шамасында. Бұл өте керемет көрсеткіш.

«Гүл егу жұмыстары күз айынан бастау алады. Оларды тамырландырудың өзіндік режимі бар. Оны салқындату керек. Әр гүлдір әртүрлі температурада өзгертіп, нақты бір температурада ұстап отыру керек. Әйтпесе гүл бұр жармайды», - дейді университет профессоры Амангелді Апушев.



Аздаған уақыттан кейін жазиралы кең даламыз жайқалған жауқазындар мен қызғалдарға толады. Қазақ өлкесін одан әрі көркем етіп, шырайлы ететін де осы гүлдер. Ал, олардың алғаш болып Түркістанда бұр жаруы үлкен жетістік.


Гүлжан ТӘЖЕНОВА
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-дің 4-курс студенті.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

МҰҒАЛІМ – МАМАНДЫҚ,
ҰСТАЗДЫҚ - ҚАСИЕТ

2022-2023 оқу жылы Кентау қаласында орналасқан Дайындық орталығының тыныс-тіршілігі әдеттегі оқу жылынан өзгеше басталды. Жазғы демалыстан соң қыркүйек айының алғашқы аптасынан бастап қазірге дейін п.ғ.д., профессор Қ.Қадашева тіл үйретудің төрт түрлі дағдысы (айтылым, оқылым, жазылым, сөйленім) жайында орталықта жұмыс жасайтын қазақ тілі пәнінің оқытушыларына әр аптаның жұмыс күндері (дүйсенбіден жұмаға дейін) семинар-тренинг өткізіп отырады. Семинарларда әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерудің төрт дағдысы арқылы жүзеге асырылатыны жайлы баса айтылды. Оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Қарлығаш ханым тыңдаушыларға сабақ өтіп, оқытушыларға ақылдасу (ашық сабақ) сабақтарын және когнитивті, коммуникативтік-функционалды әдістердің үлгілерін көрсетті. Оқулық құрылымындағы мәтіндер (полилог, диалог) үшін берілген бөлше сөздердің мағынасын түсіндіру мақсатында арнайы әзірленген оқу сөздіктерін тиімді қолдану тәсілдерін үйретті.

Қ.Қадашева ғылыми айналымға ең алғаш қазақ тілін туыс тіл негізінде оқыту терминін ұсынды. Қазақ тілін түріктілді аудиторияда лингвоелтаным бағытында оқытудың әлеуметтік, танымдық, коммуникативтік, кумулятивтік ерекшеліктерін



қазақ тілінен берілетін білім мазмұнына енгізе отырып, мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту, қажеттілігін ұғындыру жолында өз пікірін берік ұстанды.

Профессор Қ.Қадашева 2022 жылдың қыркүйек-ақпан айлары аралығында өзінің басшылығымен әзірленген оқу-әдістемелік кешенді (деңгейлер бойынша оқулықтар, оқу сөздіктері, жазу дәптері мен әдебиеттік оқу кітабы) тәжірибеден (апробация) өткізу үшін аталған оқу-әдістемелік кешен құрамындағы деңгейлік оқулықты оқу үдерісінде тиімді қолдану мақсатында орталықтағы қазақ тілі пәнінің оқытушыларымен тығыз жұмыс жасалды.

Өзінің мектебін қалыптастырған ұстаздан оқытушы-профессорлар құрамы тіл үйретудің, оқулық дайындаудың қыр-сырын үйренгісі келеді. П.ғ.д., профессор Қ.Қадашева жалықпай, ерінбей, әкелген материалдарын нақтылап, тілді насихаттаудың тиімді үлгісін көрсетті.

Қ.Қадашева ханымға дайындық орталығының профессор-оқытушыларының атынан мықты денсаулық және шығармашылық табыс тілейміз.

М.АБДУЛХАНОВА
Дайындық орталығы оқу әдістемелік комитетінің төрағасы

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Астана қаласында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2022» конкурсының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Айта кетейік, еліміздің 71 ЖОО-ның 775 оқытушысы бақ сынаған конкурста Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6 оқытушысы айтулы мәртебені жеңіп алған болатын.

Салтанатты жиында министр Саясат Нұрбек: «Біз үшін оқытушыларды ынталандыру және мамандықтың беделін арттыру маңызды. Бүгін біз залда еліміздің жоғары оқу орындарының үздік оқытушыларын жинадық. Министрлік атынан Сіздерге таңдаған істеріңізге адалдықтарыңыз және жоғары кәсіби біліктіліктеріңіз үшін алғыс айтамын. Алдымызда тұрған негізгі басымдықтардың бірі – зерттеу экожүйесін қалыптастыру және ғылыми әлеуетті арттыру. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарын цифрлық жоғары оқу орындарына трансформациялау қажеттігін атап өту қажет. Құрметті әріптестер, мұның бәрі сіздердің еңбектеріңіздің арқасында ғана мүмкін болмақ!», – деді.

Оқу ордамызға бұрынғы Білім және ғылым министрі, сондай-ақ Оқу-ағарту министрі болған Асхат Аймағамбетов қонаққа келді. Ол студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамымен кездесу өткізіп, жоғары білім беру мәселелеріне қатысты жаңалықтар мен өзекті тақырыптарға байланысты пікірлерімен бөлісті.

23-24 ақпан аралығында Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінде «Internationalization of higher education institutions: international visibility of HELs» атты семинар өтті.

Семинардың мақсаты – Қазақстандық жоғары оқу орындарында интернационалдандыру тетіктерін жетілдіру жөніндегі мәселелер кеңінен талқылау.

Жиынға ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігінің өкілдері, АҚШ, Еуропа, Ұлыбритания Елшіліктерінің дипломатиялық миссиясының өкілдері және халықаралық білім беру және мемлекеттік құрылымдар саласындағы сарапшылар тобы қатысты. Олардың қатарында университетіміздің Халықаралық байланыстар департаментінің директоры PhD Зерде Дүйсембекова, Академиялық департамент директорының орынбасары Мурат Келеш, филология факультетінің деканы PhD, доцент Абдулкадир Өзтүрк де болды.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды университетіміздің Ботаникалық бағының жұмысымен танысты.

Облыс әкімін оқу орнымыздың ректоры Жанар Темірбекова, вице-ректор Эльмира Идрисова, жауапты хатшы Гүлнар Байсенкул бастаған университет және Ботаникалық бақ қызметкерлері қарсы алды. Әкім, ең алдымен, университетімізде ерекше технологиямен өсірілген қызғалдақтар жылыжайын аралады. Бұл жылыжай а.ш.ғ.д., профессор Амангелді Апушев жетекшілік ететін «Қазақстанда қызғалдақтың бастапқы материалдар коллекциясын жасау, эксклюзивті түрлері мен сорттарын көбейту мен өсірудің инновациялық технологиясын әзірлеп қолданысқа енгізу» жобасы бойынша осыдан бірнеше ай бұрын салынған болатын. Қазір мұнда қызғалдақтың 15 түрі өсіріліп жатыр. Барлығы 12 мың түп қызғалдақ егілген. Алғашқы гүл бумалары 8-наурыз мерекесіне орай дайындалмақ.

Алғыс айту күніне орай, әлеуметтік-мәдени мәселелер вице-ректоры Асқар Тұрғанбаев «Алғыс - түркі халықтарының киелі дәстүрі» тақырыбында студенттермен кездесу өткізді.

Жиында сөз бастаған Асқар Тұрғанбаев студенттерді көктемнің алғашқы күнімен және Алғыс айту мерекесімен құттықтады. Сондай-ақ, «алғыс» сөзінің түпкі тамыры, шығу тарихын кеңінен баяндады. Түркі жұртынан бөлек, әлем тарихындағы өзегі ұқсас «алғыс айту» сөз тіркесі мен мерекелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сөз етті

Оқу ордамызда білім алып жатқан бауырлас қырғыз елінің студенттерінің ұйымдастыруымен «Ақ қалпақ» мерекесі салтанатты түрде аталып өтілді. Концерттік шараға оқу орда басшылығы мен студент жастар қатысты. Мерекелік шарада Ректор Өкілі Пеями Баттал айтулы мерекемен құттықтады. – Түбі бір түркі елдерінің бай мәдениеті мен ортақ құндылықтары ерқашан дәріптелуі тиіс. Бауырлас елдердің әрбір қуанышына шын шаттанып, қайғысына ортақтаса аламыз. Қандай жағдай болмасын, біз ерқашан біргеміз, – деді Пеями Баттал.

Алғыс айту күні – қазақ жеріне қоныстанған түрлі этнос өкілдерінің қазақ жұрты мен қонақжай асыл қасиетіне, табан тіреген қасиетті топырағына тағзымының белгісі болған ерекше күн. Бүгін университетімізде де айтулы күн аталып өтті.

Бұл күн – өзара ынтымақтастық пен қолдау, достық ниетті көрсетуді қолдайтын маңызды мереке. Осы орайда, Спорт және өнер факультетінің оқытушылары Меруерт Сейсембекова мен Ермек Мамбетовтің жетекшілігімен «Бейнелеу өнер» кафедрасының студенттері баршаға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Әр түрлі ұлт өкілдерінің студенттері бірге бас ғимаратта өн шырқап, жырдан шашу шашты. Осындай керемет атмосферада оқу ордамыздың оқытушы-профессорлар құрамы және қызметкерлері, студенттері бір-бірін мерекемен құттықтады.

Спортшы студенттеріміз Ақтау қаласында өткен самбо күресінен Қазақстан Республикасының чемпионатында жеңімпаз атанды. Ел чемпионаты ақпан айының 18-21 аралығында өткен болатын. Жалпы командалық есепте Түркістан облысының спортшылары 1 орынды иемденді. Балуандар бәсекесінде жеңіс тұғырынан көрініп, I орынды еншілегендер: 50 кг салмақта Ибрагимова Айман, 65 кг салмақта Рустемова Әсемай, 72 кг салмақта Қыдыралі Ақбота. II орынға 64 кг салмақта Сартай Рахатали мен Қожанова Ажар лайық деп табылды. Ал, 47 кг салмақта Махаммадияр Асем, 54 кг салмақта Әбілқасым Аружан және 54 кг салмақта Мұханбеталі Диана, 98 кг салмақта Темірбай Алмас III орынды иемденді.

ҚАЗАҚ - ТҮРІК ДОСТЫҒЫ МӘҢГІЛІК!

Түбі бір түркі жұртының тарихы мен мәдениетінің және рухани байланыстарына негізделген қазақ-түрік достығының дәлелі ретінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бой көтергеніне де 30 жылдан асты. Атажұрттағы оқу ордамыз түркі мемлекеттерінің өрендерін бір шаңырақ астына жинаған киелі мекенге айналды. Бауырлас екі ел арасында достық байланыс орнап, стратегиялық жоспарлардың, сауда-экономикалық қарым-қатынас пен бірлескен жобалар жаңа бөлеске көтерілді.

1991 жылғы 16 желтоқсанда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңға қол қойғаннан кейін Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін мойындаған әлемдегі бірінші ел Түркия Республикасы болды. Бұл жас қазақ мемлекеті үшін Түркия тарапынан көрсетілген моральдық қолдау ғана емес, бауырластық пен достықтың символы іспеттес.

Түркия Қазақстанмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан

алғашқы ел. Сондай-ақ Түркияның дипломатиялық миссиясы тәуелсіз Қазақстан тарихындағы алғашқы шетелдік өкілдік болды.

Бүгінде Қазақстан мен Түркия тиімді ынтымақтастық орнатты. Қазақ-түрік мемлекетаралық байланыстарының даму тарихы жалпы түркі интеграциясын тереңдету үшін бірлескен күш салатынын көрсетеді.

Қазақстан мен Түркия екіжақты мемлекетаралық қатынастардың негіздерін қалыптастырудан нақты стратегиялық әріптестікке дейінгі жолдан өтті.

Өткен айда әлемді дүр сілкінткен Түркиядағы зілзала кезінде еліміз қол қусырып қарап отырмай, алғашқылардың бірі болып көмек қолын созды. Апат айтып келмейді. Қиын-қыстау кезеңде жапа шеккен түркиялық бауырларымызға сабыр тілейміз. Басымыз аман, бауырымыз бүтін болғай! Ананы баласынан, баланы панасынан айырмасын!

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Түркия – еліміз бен түбі бір түркі жұртшылығы тоғысқан Түркістан үшін орны бөлек мемлекет. Бауырластық, жанашырлық, мызғымас достық екі елді байланыстырып тұрған үлкен күш. Жақында Түркияда болған табиғи апаттан мыңдаған адам опат болды. Бұл сын сағатта қос ел арасындағы ақ пейіл мен қамқорлықтың танылған сәті еді.

6 ақпан күні Түркияның оңтүстік-шығыс аймақтарында 7.4 балдық жер сілкінісі болды. Зілзала салдарынан қаза тапқандар саны отыз мыңнан асты. Бұл тек азаматтарынан айырылған түрік халқына ғана емес, әлем үшін үлкен қасірет. Қара жамылған бауырлас елдің қайғысына Қазақстан да ортақтасты. Қаралы хабар келген сәттен-ақ Президент Қ.Тоқаев Түркия Президентіне көңіл айтты. Қазақстаннан жер сілкінісі болған аймақтарға арнайы көмек ретінде құтқарушы күш жіберілді. Еліміздің түкпір-түкпірінен Түркияға гуманитарлық, қаржылай көмек жиналды. Осындай сәтте Түркістан қаласының жұртшылығы мен оқу ордамыз да шет қалмады.

Университет Қазақстан мен Түркияның ортақ келісімімен бой көтерген, алғашқы халықаралық дәрежедегі білім ордасы. Бұл жайт университет құрамы мен білім алушы студенттерді толғандырмай қоймады.

Ясауи университетінің ұжымы бір күндік айлықтарын Түркияға көмек ретінде аударды. Университеттің мәдениет орталығында үш күн бойы Түркияға гуманитарлық көмек жиналды. Көмекке: жылы киімдер, қыстық сырт киімдер, жамылғыштар, гигиеналық заттар, балалар жөргектері, т.б тұрмысқа қажетті заттар жиналды. Белсенді студенттер мен Түркиялық студенттер бірігіп, жиналған көмекті реттеп, жүк көліктеріне тиесті. Бұл көрініс, екі ел азаматтарының қиын сәтте бір-біріне қол ұшын созған, бауырластық ілтипаттарын көрсетті. Студенттер, ата жұртынан келген ауыр хабар жанына батқан студенттердің жай-күйін үнсіз ұққандай. Қуантарлығы, түрік, қазақ, орыс деп ұлтқа бөлінбеуде, елдер арасындағы ынтымақтастыққа ғана емес. Осындай қайғылы оқиғада адамның ұлт, дін, тіл деп бөлінбей, жұдырықтай жұмылуында. Бұл бірлік пен адамгершіліктің ұштасуының сипаты. Университетіміз тек түрлі ұлт өкілдерінің басын қосып қоймай, ортақ білім, ортақ тәрбие беруде. Оған жас студенттердің жасаған ізгі істері куә.

Нұрай ИСАНХАН



ТҮРКІСТАНДА АДНАН МЕНДЕРЕСТІҢ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ

Таяуда оқу ордамыздың жанында 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай, Түркия Республикасының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Аднан Мендереске арналған ескерткіштің ашылу салтанаты өтті. Аталған шараға Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, университет ректоры Жанар Темірбекова мен Ректор Өкілі Пейями Баттал және қала тұрғындары қатысты.

Жиында өңір басшысы бауырлас екі елдің берік ынтымақтастығы мен құндылықтары қашанда басты назарда екендігін атап өтті.

Танымал саясаткер, Түркия Республикасының Премьер-Министрі қызметін атқарған Аднан Мендерестің Түркі жұртына ортақ тұлға екендігі баршамызға аян. Өткен ғасырдың 50-ші жылдары қазақтардың Түркияға қоныстануына себепкер болып, 4 жылға жуық созылған қоныс аудару процесіне өзі басшылық еткен саяси тұлғаның тарихта алар орны бөлек. Сол заманда қазақ халқы үшін оңтайлы шешім қабылдап, қамқорлық танытқан Аднан Мендерестің есімін жаңғырту – біз үшін парыз! Осыған орай, былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Түркістан қаласындағы көшелердің біріне Аднан Мендерестің есімі берілді. Бүгін сол іс-шара жалғасын тауып, тарихи тұлғаның ескерткішінің ашылу салтанатына куә болып отырмыз. Күллі түркі жұртының рухани астанасы Түркістанда қос елге ортақ тұлғаның есімін жаңғырту – заңдылық. Биыл Түркияда жер сілкінісі болып, түрік бауырларымыз зардап шекті. Осы қиын шақта Қазақ халқы Түркиямен бірге екенін дәлелдеді. Президентіміздің тапсырмасымен қолдау көрсетілді. Бұл – екі бауырлас ел арасындағы терең байланыстың белгісі, – деді Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды.

Сонымен қатар, университетіміздің Ректор Өкілі Пейями Баттал, салтанатты шараға жиналғандарға ерекше алғыс білдірді.

– Өздеріңіз білетіндей, Түркия-Қазақстан қарым-қатынасы өте көне дәуірге негізделген. Тарихи оқиғалар бізді бір-бірімізден ұзақ уақыт ажыратса да, бауырмалдығымыз ешқашан үзілген емес. Біз өзімізді қазіргі заманғы анықтамамен түрік және қазақ халқы ретінде танытсақ та, біз шын мәнінде Ұлы Түрік Ұлтының бір бөлігіміз; Біз Түрік әлемінің бір тармағымыз, – деді Пейями Баттал.

Ары қарай салтанатты жиында ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Сонымен қатар, айтыскер ақын Бекарыс Шойбеков екі елдің бірлігі туралы арнауын жеткізді.

Іс-шараға қатысушылар Аднан Мендерестің ескерткіші маңындағы гүлзарға ағаш отырғызды.

Айта кетейік, Аднан Мендерес – түрік саясаткері, Түркияның премьер-министрі (1950-1960). Түркияны дамытуға үлес қосқан көшбасшыларының бірі. Сонымен бірге бұл саяси қайраткер Пәкістандағы қазақтарды Түркияға көшіруге ықпал етіп, қолдау көрсеткен. 1952 жылы басталған қазақ көші бірнеше жылға дейін жалғасқан.



СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

ӨМІР - ҚЫМБАТ АСЫЛ ҚАЗЫНА

Өмір - бізге берілген ең қымбат қазына. Мақсатым мен арманым екеуі бірге қатар жүреді. Неліктен?! Өйткені атам әкеме үйреткен дүниені мен де өз бойыма дарытып үйренгім келді. Себебі, балам да сол тәрбиемен өсуі керек. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» деген дана халқымыз. Мақсаты жоқ адам, қанаты қайырылған құспен тең. Өмір адамға бір рет қана беріледі. Тәңірдің керемет сыйы саналатын мына ғажап өмірдегі мүмкіндіктерді тиімді пайдалана білу керек. Қамшының қысқа сабындай мына өмірде өзімізге керекті нәрсені ала алмасақ, алтын уақыттың текке кеткені.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев «Өтеді жылдар, ғасырлар, замандар да. Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?! Менің жыным келеді мына өмірді, Жылжымастай көретін адамдарға» деп жырлаған еді.

«Адам болып қалу үшін ғаламда, үлкен арман керек екен адамға» - деп Мұхтар Шаханов атамыз жырлағандай, адамға қанат бітіретін нәрсе - ол әрине, ой-қиялы, мақсат мүддесі. Өмір ұзын бір түзу сызық емес. Өмір қуаныш пен қайғыдан, жақсылық пен жамандықтан, кездесу мен қоштасудан тұрады. Бұл өмір заңдылығы. Қандай да тосын сый келсе де құламай қасқая жауап бере алған адам ғана бұл өмірде жетістікке жете алады. Алайда, өмірдің қиыншылығы келген бойда онымен күреспей жасып қалған адамның өмір сүруі қиын. Қуаныш келгенде тасымай, қиыншылық келгенде жасымай жүре білу – өмір сүре білу. Өмір деген менің түсінігім бойынша алланың бізге берген сынағы. Қандай жағдай болмасын ақыл - ойымызбен, сабырлылығымызбен жеңе білуіміз керек. Өмір болмас қасіретсіз, мұң қайғы, - деп қазақ халқы өмірді ағып жатқан өзенге теңейді. Өйткені өмір өзен тәрізді тоқтаусыз, ешкімге білдірмей өтіп жатады. Сол өзен ағынында кейбір жан өз арнасын тауып жатса, енді кейбіреулері бастарын тасқа да, жарға да ұрып, өз жолын таба алмай жатады. Өмір-дені сау, жан - жақты дамыған, жаны сұлу адам ғана мәнді де салауатты ғұмыр кешеді. Сөзімнің соңында баршаңызға мәнді де мағыналы, қызықты сәттер мен ұзақ ғұмыр тілеймін! Алға қойған асқақ армандарымыз бен мақсаттарымыз орындала берсін!

Абылай Ту-Бегі
2-курс студенті

ГАУХАРБЕК ШЕБЕРДІҢ ДОМБЫРАСЫН ГОЛЛИВУД ЖҰЛДЫЗЫ САТЫП АЛҒАН

Гаухарбек Күнқожаев – атадан қалған асыл мұраны дәріптеуші, ұлттық нақыштағы аспаптарды жасап жүрген шебер.

Гаухарбек Күнқожаевтың негізгі мамандығы – музыкант. Шымкенттегі бұрынғы педагогикалық өнер институтының түлегі. Бірақ, өз саласы бойынша небәрі 2 жыл ғана жұмыс істеген Гаухарбек аға бала күнгі арманы аспап жасауды қолға алған. «Бұл өнерді қолға алуыма екіншісі бірі домбыра жасап, бизнеске айналдырып ұлттық өнердің құнын түсіріп жібергені себеп болды», - дейді бұл жөнінде шебер.

Қолөнер шебері алғашқы домбырасын өткен ғасырдың 80-жылдары жасаған екен. Ұсталық жолды ұстанған кейіпкеріміздің әр туындыларында зор шығармашылық шабыт, философиялық ой-түйін жатыр. Ағаштан аспап ойып, саздан бұйым жасап шығару бала күнгі дағдысы. Ағаштан түрлі бұйымдарды бала күннен жасап машықтанған шебер, бертін келе ұлттық аспаптарды (домбыра, қобыз) шеберлікпен жасауды меңгере бастапты. Ал соңғы он жылда адамға ой салатын, салмақты дүниелер жасап жүр. Осы ретте шебердің жасаған эксклюзивті домбырасы Елбасы Н.Назарбаевтың жеке мұражайында сақталған. Ал, 5 жыл бұрын елордада өткен көрмеде шебердің тағы бір шедевр домбырасын Голливудтың жұлдызды актері Стивен Сигал сатып алған екен. Шебердің айтуынша жақсы домбыра жасау үшін сапалы ағаш қажет. Шебер оны өзінің туып-өскен Сыр бойынан іздейді. Орман, тоғайды кезіп құраған өрік пен жаңғақ, үйеңкі, қайың сияқты ағаштарды жинайды. Әрбір дүниесін ғылыми ізденіспен жасайды. Оны шебердің қолынан шыққан туындыларынан да аңғаруға болады. Әр туындысын ерекше махаббатпен жасайтын шебер бір туындысына 1,5 жылға жуық уақыт арнап, қиыннан қиыстырған көрінеді.

Гаухарбек шебердің мақсаты – қазақ қолөнерінің асыл мұраларын қолға алып, дамытып, әлемге таныту. «Шебердің қолы ортақ» деген сөз бар. Иә, оның жасаған туындылары мәдени көрсеткіш ретінде қоғам игілігіне айналмақ. Ұлттық қолөнерімізді сан қырынан танытуға үлес қосып, тынымсыз еңбектеніп жүрген шеберге шығармашылық табыс тілейміз.

Жанайым ШЫРЫНБЕКОВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-дің 4 курс студенті



АСЫЛ АНАМ - АРДАҒЫМ

Мына ғажап өмірге алып келген, қанаттыға қақтырмай тұмсықтыға шоқытпай өсірген асыл анамды жақсы көремін. Ананың тілегі, шексіз мейірімі неткен керемет еді?! Менің балам қатарынан кем болмасын деп, барлық қажеттілігімізге қол жеткізуге ықпалын тигізген анамызға мың алғыс. Біздің кішкентай жетістігімізге балаша қуанып, сәл ағаттық іс жасасақ қамығып қалады ана жүрегі.

Ана - барлық өмірдің бастауы. Ол өз сәбиін мәпелеп өсіреді, жақсы болуын қалайды. Адам бойындағы барлық асыл қасиеттер күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды. Ана - ұлы адам, қасиетті жан. Тіпті айта берсең сөз жетпейді. Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді деген. Мереке қарсаңында аяулы аналар мен қымбатты қыз-келіншектерді 8- наурыз Халықаралық қыз-келіншектер күнімен құттықтаймын. Әрқашан да көңілдеріңіз көктемнің күніндей жадырап, жаз гүліндей жайнай берсін!

«Ана» үш әріптен құралған киелі де қастерлі сөз. Әркімнің анасы бар. Сол аналарды құрмет тұтып, қастерлеу біздің борышымыз. Ана түн ұйқысын төрт бөліп біздерді әлпештеп өсіреді. Біздерді басқа балалардан кем болмасын деп алдымызға барын тосады. Біздер аналарымыздың қадірін білуіміз керек. Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды.

«Алып анадан туады, ат биеден туады» демекші біздің елбасымыз да, елге белгілі әншілеріміз де, жұлдыз балғадай палуандарымыз да, қайтпас қайсар спортшыларымыз да анадан жаралған. Бұл айтылған тұлғалардың барлығы дерлік қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген аналарының арқасында осындай дәрежеге жетіп отыр. Аналарының қолдау болмағанда олар бұндай болар ма еді? Ана алдындағы борыш анадан меккеге үш рет арқалап апарсаңда өтелмес деген осы.

Абылай Ту-Бегі
2-курс студенті

ҰСТАЗЫММЕН МАҚТАНАМЫН!

Жуырда Астана қаласы “Шабыт” университетінде ұстазым, ғалым, белгілі композитор- Бекжігіт Сердәлі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Саясат Нұрбек мырзаның қолынан “Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы” марапатын алды.

Естеріңізге сала кетсек, еліміздің 71 ЖОО-ның 775 оқытушысы бақ сынаған конкурста Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6 оқытушысы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» номинациясының жеңімпазы атанған еді. Ұстазыммен қатар біздің оқу орнынан «Биология» кафедрасынан Эльмира Ибрагимова мен Бауыржан Умиров, «Қазақ филологиясы» кафедрасынан Нағима Кошанова, «Математика» кафедрасынан Кайрат Усманов, «Жалпы хирургия» кафедрасынан Уалихан Жумабаев сынды белді ғалымдар марапатталды. Университетіммен, осындай білікті ұстаздарыммен мақтанамын!

Бізге журналистиканың қыр-сырын меңгертіп, ұстаханасында шыңдаған Бекжігіт ағай оған әбден лайықты. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме дана халқымыз?!

Ағайымның жанында тұрғанда көп кісінің оны танып: «Бәке қалыңыз қалай, армысыз»- деп деп жатқанын көріп, бойымды бір мақтанш сезімі кернеді. Журналист, ғалым, композитор Бекжігіт Сердәлі білікті маман иесі. Оңтүстік өңірдегі журналистика саласында ойып тұрып орын алатын қарымды қалам иесінің шәкірті болғанымды мақтан тұтамын. Бекжігіт ағай өз қолтаңбасымен ерекшеленіп, шәкірт тәрбиелеп, білім мен тәрбие саласында өз ізін салып келеді. Орайы келіп тұрғанда тілге тиек ете кеткеніміздің артықтығы болмас. Ол кісінің білім саласындағы жетістігі де ауыз толтырып айтарлық. Композиторлығы бір төбе. Қаншама танымал әндердің авторы. Ұстазымды шын жүректен құттықтаймын!

Сандуғаш БЕКТҰРОВА
4-курс студенті



ЖАҢА КІТАП ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ

2023 жылы 22 ақпанында жаңа журналистиканың негізін қалаушы ретінде өзін таныстырған «Астана ақшамы» газетінің шеф-редакторы, әлеуметтік ғылымдар магистрі, "Аласапыран Америка" (Алматы, "Өлке", 2006 ж. 200 б) атты очерк пен "Тәуелсіздік тұмарым" (Астана, "Бақорда" 2016 ж. 260 б) кітаптарының авторы - Төлен Тілеубайдың "Цифрлық жолайрық: Қазақстан газеттерінің бүгіні мен ертеңі" атты жаңа кітабының таныстырылымы өтті.

Кездесу барысында кітаптың мазмұны, мән-жайы айтылды. Арнайы видеоролик, презентация да көрсетілді. Жалпы, кітапта БАҚ саласы қызметкерлері мен болашақ журналистер үшін де керек кітап екенін айтып өтті. Болашаққа болжам жасау қиын, әрине. Алайда, автор кітабында бүгінгі және алдағы 20-30 жыл кәлемінде Қазақстан газеттерінің болашағына болжам жасай келе қазіргі жаңа ақпараттық технологиялардың қарыштап дамып жатқанын айтты. Әлем бойынша



газеттердің қағаз-нұсқасының азайып бара жатқанына алаңдаушылық білдірді. Автор сондай-ақ, қазақ газеттері де замана көшіне ілесіп, мультимедиялық форматқа көшуі керек, сонда бәлкім газеттер жабылмайды деген ойын айтты.

Автор жаңа кітабында: дәстүрлі журналистиканың қазіргі ахуалы, цифрлық журналистиканың өзектілігі мен айырмашылығы, қазақ газеттерінің азаю себептері сияқты, т.б маңызды мәселелерді қарастырған.

Жиын соңында кері байланыс жасалып, студенттердің көкейіндегі көптеген сауалдар қойылды. Төлен Тілеубай әр сұраққа жіті тоқталып, өз жауабын берді.

Аружан БАЗАРБАЙ,
Дінмұхамет ҚҰДАЙБЕРГЕН,
1-курс студенттері


ТҮРКІСТАН АСПАНЫНДА ӘН ҚАЛЫҚТАДЫ

Жуырда Түркістан Оқушылар сарайында «Классикалық вокал» үйірмесінің «Балғын бала шақтан - жарқын болашаққа» атты есеп беру кешіне қатыстым.

Дарынды балаларымыз «Қазақ елі», «Қазақ жері осындай», «Қазақ вальсі» сынды аңыз өндерімізбен қатар, әлемдік классика қорына енген туындыларды шырқады. Шығармашылық көшке жиналған жас өнерпаздар жарты жылға жуық вокалдан алған білімдерін ортаға салды. Кеште түрлі жанрдағы өндер; заманауи қазақ өндері, топтық және жеке өндер орындалды. Сонымен қатар, аты аңызға айналған «Дос-Мұқасан» ансамблінің таңдаулы өндері де көрерменге ұсынылды.

Вокал үйірмесінің жетекшісі Ұлжан Болатханқызы, балаларын қолдап келген ата-аналар мен барша көрерменге алғысын жеткізді. Шығармашылық кеште 1,5 сағатқа жуық Оқушылар сарайында өсем ән қалықтады. «Рақмет саған, туған ел», «Джаз әлемі», «Құстар әні», «Мама» сынды өндер өте әсерлі шықты. Айта кетейік, шығармашылық кеште өсем әуендермен қоса өнерпаздардың биі мен актерлік шеберліктері қатар сынға түсті. Әсем өндерге ырғақты биді үйлестіре білген хореография маманы – Досымжан Арқабеков пен режиссер- Ақ-Сұлтан Әнуарбек. Кеште өнер көрсеткен түркістандық жас әнші Нұрдәулет Әбдірахманның айтуынша, қызу дайындық пен ұзақ уақыт бойы алған білімдерінің арқасында жемісті өнер көрсете алған. Кеш соңы жас өнерпаздардың ұстаздарына деген ыстық ықыласымен аяқталды.

Шаира ЖУРАХАНОВА,
ХҚТУ-дің 4 курс студенті



ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Tarafından Türkiye'de Yaşanan Deprem Felaketine Sağduyu Kampanyaları Düzenlendi



06.02.2023 tarihi 04.17'de Türkiye'nin Kahramanmaraş ili Pazarcık ilçesinde 7.7 büyüklüğünde meydana gelen deprem sebebiyle Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Kültür Merkezinde 8 Şubat 2023 Çarşamba gününden başlayarak Türkistan halkı, Üniversitemiz personeli ve öğrencileri tarafından hazırlanan yardım malzemeleri toplandı. Malzemeler arasında kış şartları için uygun sıcak tutacak kıyafetler, battaniyeler, dış giyim eşyaları ile hijyen ürünleri, bebek bezleri yer aldı. Toplanan ürünlerini ve kullanılabilir olmalarına özen gösterildi. Üç gün boyunca devam eden çalışmalar

neticesinde toplanan yaklaşık 4 kamyonet malzeme Türkiye'ye gönderildi. Üniversitemiz Türk dünyası öğrencileri de kardeş ülkenin acısını paylaşarak birbirlerine destek oldular. Yardım malzemeleri toplama işlemi hâlihazırda devam etmektedir.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi öncülüğünde irtibat kurulan Türkistan şehri iş adamlarından temin edilen gıda malzemeleri (1 ton un vb.) Türkiye'ye ulaştırıldı. Türkistan halkına özellikle sosyal medya vasıtasıyla gerçekleştirilecekleri maddi yardım kanalları ilan edildi.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde "Türk Destanları: Varyant, İnvaryant, Süje, Motif" Konulu Seminer Düzenlendi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü tarafından 22 Şubat 2023 Çarşamba günü "Türk Destanları: Varyant, İnvaryant, Süje, Motif" konulu seminer düzenlendi. Prof. Dr. Şakir İBRAYEV'in konuşmacı olduğu seminerde edebî şiirlerin sözlü ve yazılı olarak yayılma süreci, sözlü eserlerin birden fazla versiyonu, yaratıcı eylem, süreç, varyant ve özellikle motif kavramları ele alındı. Prof. Dr. İBRAYEV, Varyant yaratmak için plana ihtiyaç olduğuna, planın gerçekleşmesi için ise zaman ve mekânın gerektiğine dikkat çekti.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent BAYRAM'ın yönlendiriciliğinde gerçekleştirilen seminere, Türkoloji Araştırma Enstitüsü personeli ve Filoloji Fakültesi mezun öğrencileri katıldı. Seminer soru cevap bölümünün ardından toplu anı fotoğrafı çekimiyle sona erdi.



Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrencileriyle Türkiye'de Yaşanan Deprem Felaketi Sonrası Hasbihâl Toplantısı Yapıldı



Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Peyami BATTAL ve Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Pusat PİLTEN tarafından Türkiye'de yaşanan deprem felaketi sonrasında Üniversitemizde öğrenim gören Türk öğrencilerle 21.02.2023 Salı günü hasbihâl toplantısı gerçekleştirildi. T.C. Almatı Başkonsolosu Ali Rıza AKINCI'nın çevrim içi olarak iştirak ettiği toplantıda özellikle afet bölgesinde yakınları depremden etkilenen öğrencilere moral ve motivasyon sağlamak amacıyla duygudaşlık ve tecrübe aktarımında bulunuldu. Ayrıca Üniversitemiz ve Konsoloslüğümüz bünyesinde gerçekleştirilen yardım kampanyalarında emek veren tüm öğrencilerimize teşekkür edilerek duyulan memnuniyet dile getirildi.


Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent BAYRAM'ın yönlendiriciliğinde gerçekleştirilen seminere, Türkoloji Araştırma Enstitüsü personeli ve Filoloji Fakültesi mezun öğrencileri katıldı. Seminer soru cevap bölümünün ardından toplu anı fotoğrafı çekimiyle sona erdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde «Akademik Dergi Yayıncılığı ve Bilig Tecrübesi» Konulu Konferans Düzenlendi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsünün düzenlediği "Perşembe Konuşmaları" seminer dizisinin 03 Şubat 2023 Cuma günü saat 14.00'te çevrim içi olarak gerçekleştirilen programının konusu «Akademik Dergi Yayıncılığı ve Bilig Tecrübesi» başlıklı sunumuyla Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi

İktisadi ve İdari Bilimler Fakültesi Dekanı, bilig dergisi editörü Prof. Dr. Fırat PURTAŞ oldu. 1996 yılında yayın hayatına başlayan bilig dergisinin ilk sayısından günümüze kadar geçen değişim süreciyle sunumuna başlayan Prof. Dr. PURTAŞ, derginin 2008 yılı itibarıyla SSCİ başlığı altındaki indekslerde ayrıca TR Dizin ve Scopus'ta tarandığını belirtti. Türk dünyası alanında uzmanlaşmış ve 2008'den bu yana 7000'e yakın makalenin erişime açıldığı derginin şu an Q4 sınıflandırmasında yer aldığını altını çizdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent BAYRAM'ın yönlendiriciliğinde gerçekleştirilen Türkiye, Kırgızistan, Kazakistan, Özbekistan'ın çeşitli üniversitelerinden kıymetli akademisyenlerin ve öğrencilerin katıldığı konferans; soru-cevap bölümünün ardından sona erdi.



Türkistan Eyalet Valisi Darkhan SATYBALDY'dan Ahmet Yesevi Üniversitesi'ne Başsağlığı Ziyareti



06.02.2023 tarihi 04.17'de Türkiye'nin Kahramanmaraş ili Pazarcık ilçesinde 7.7 büyüklüğünde meydana gelen deprem sebebiyle başsağlığı dileklerini iletmek üzere Türkistan Eyalet Valisi Darkhan SATYBALDY, 07.02.2023 Salı günü Ahmet Yesevi Üniversitesi'ni ziyaret etti.

Yaşanan felaketten duyduğu üzüntüyü dile getiren SATYBALDY, "Türkiye Cumhuriyeti'nin en büyük depremi, kardeş ülke olarak bizi gerçekten çok ağır yaraladı. Türkiye; Kazak halkına olan desteğini ve yardımını esirgemeyen, Kazakistan'ın bağımsızlığını tanıyan ilk ülkedir. Kardeş ülkemizin zor zamanlarında birliğimizi ve beraberliğimizi pekiştirerek yanındayız. Kazakistan Cumhurbaşkanı'nın talimatıyla Türkiye'ye yardımın ilk adımı şu anda hayata geçiriliyor. Yaşanan afetten yaralı olarak kurtulan kardeşlerimizin sağlıklarına kavuşmalarını canıgönülden diliyorum. Türkistan halkı adına Türk milletinin her zaman yanında olduğumuzu iletiyoruz." diyerek depremde hayatını kaybedenlere Allah'tan rahmet, ailelerine başsağlığı diledi.

Türkistan'daki Hoca Ahmet Yesevi Merkez Cami İmam Yardımcısı Serkebay TANAT, Türkiye'de meydana gelen deprem sonucu hayatını kaybeden vatandaşların ruhlarına Kur'an-ı Kerim okudu.

Programa çevrim içi katılan Türkiye Cumhuriyeti Almatı Başkonsolosu Ali Rıza AKINCI; toplantıya katılanlara, üniversite personeline, tüm Kazak halkına kardeşlikleri ve yardımları için şükranlarını sundu. Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK konuşmalarında Kahramanmaraş ve çevre illerde meydana gelen deprem sebebiyle tarifsiz üzüntü duyduklarını belirterek hayatını kaybeden vatandaşlarımıza Allah'tan rahmet; milletimize başsağlığı, yaralılara acil şifalar dilediler. Türkistan başta olmak üzere tüm Kazak halkına teşekkürlerini sundular. Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Zhanar TEMİRBEKOVA, çevrim içi konuşmasında yaşanan felaketin, tüm Türk halklarının ortak acısı olduğunun altını çizerek Üniversitemizin afet bölgesine maddi ve manevi destek vermek için seferber olduğunu söyledi. Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Peyami BATTAL ise konuşmasında yaşanan bu kara günde Türkiye'ye destek olan ve acıyı paylaşan Türkistan halkına ve Türkistan Valisi Darkhan SATYBALDY'ya teşekkür etti.

Üniversitemize gerçekleştirilen ziyaretin ardından depremde hayatını kaybedenlerin ruhlarına gerçekleştirilen tilavete binaen Ahmet Yesevi Üniversitesi personeli tarafından hatim duası edildi.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde «Eski Uygurlarda Yazı, Dil ve Edebiyat» Konulu Konferans Düzenlendi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü'nün düzenlediği "Perşembe Konuşmaları" seminer dizisinin 23.02.2023 Perşembe günü saat 17.00'de çevrim içi olarak gerçekleştirilen programının konusu "Eski Uygurlarda Yazı, Dil ve Edebiyat" başlıklı sunumuyla Eskişehir Osmangazi Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Ferruh AĞCA oldu. Konuşmasına Uygur alfabesinin yazım özelliklerine ve bu alfabeyle yazılmış metinlerin dilbilimsel özelliklerine değinerek başlayan Prof.Dr.

AĞCA, eski Uygur yazı dilinin tarihî süreci hakkında önemli bilgiler verdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent BAYRAM'ın yönlendiriciliğinde gerçekleştirilen, Türkiye'deki çeşitli üniversitelerden ve Üniversitemizden akademisyenler ile öğrencilerin katıldığı konferans; soru-cevap bölümünün ardından konuşmacıya teşekkür belgesinin takdimiyle sona erdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Samsun Büyükşehir Belediye Başkanı Mustafa Demir'i Ziyaret Etti



Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Samsun Büyükşehir Belediye Başkanı Mustafa Demir'i ziyaret etti. Görüşmede, Üniversite ve belediyenin iş birliği yapabilecekleri projeler ve fikirler tartışıldı.

Kazakistan Cumhuriyeti Anayasa Mahkemesi Başkanı Sayın Elvira Azimova Deprem Dolayısıyla Taziyelerini İletti



Kazakistan Anayasa Mahkemesi Başkanı Sayın Elvira Azimova, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'e ülkemizi yasa boğan deprem felaketinden dolayı taziyelerini ilettili.

МЕРЕКЕ

АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

Елімізде 1-наурыз Алғыс айту күні ретінде атап өтіледі. Көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін бұл мереке 2016 жылдың 14 қаңтарында **1 наурыз елімізде Алғыс айту күні** деп жарияланды. 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғанын ескерсек, Алғыс айту күнінің неліктен дәл осы күні тойланатынын түсінеміз. Бұл – Қазақстан халқын біріктіруге бағытталған, еліміздің тарихына құрмет көрсетіп, барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын күн. Азаматтардың бір-біріне құрмет көрсетіп, алғыс айтатын мереке. Аталмыш мереке біздің оқу ордамызда да аталып өтті. Әлеуметтік-мәдени мәселелер вице-ректоры Асқар Тұрғанбаев «Алғыс - түркі халықтарының киелі дәстүрі» тақырыбында студенттермен кездесу өткізді.

Асқар Әбдуәліұлы студенттерді көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келген Алғыс айту мерекесімен құттықтап, «алғыс» сөзінің түпкі тамыры, шығу тарихына тоқталды. Түркі жұртынан бөлек, әлем тарихындағы өзегі ұқсас «алғыс айту» сөз тіркесі мен мерекелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сөз етті. Алғыс айтудың мәні мен негізгі мағынасын тарих деректеріне сүйене отырып жеткізді. Бұл мерекенің бекітілуіндегі саяси астар мен түрлі этностардың өзара сыйластығы жөнінде айтты. Кезінде қазақ халқы бауырына басып, төріне қонақ етіп, бір нанды бөле жеген түрлі ұлт тағдыры мен байланыстары жөнінде де сыр шертті. «Алғыс айту күніне күнтізбедегі белгіленген, жылына бір келетін күн ретінде қарауға болмайды. Тіпті күн сайын жақындарыңыз бен қоршаған ортаға алғыс білдіруді ұмытпау қажет. Алғыс айту кеше пайда болған дүние емес. Ол дәстүрде бар, ғасырлардан жалғасып келе жатқан үрдіс», - деді вице-ректор. Жиын соңында студенттер өздерін қызықтырған сауалдарына жауап алды. Ерекше күннің астары мен мән-мағынасын терең баяндаған Асқар Тұрғанбаевқа ризашылықтарын жеткізді.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесінің электр энергиясын тасымалдау және тарату қызметіне тарифі мен тарифтік сметасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің 24.08.2015 жылғы № 213 - НҚ бұйрығына өзгертулер енгізу туралы 2023 жылғы 9 ақпандағы №19-НҚ бұйрығына байланысты, электр энергиясын тасымалдау және тарату жөніндегі қызметіне тариф преискурранты 1 квт.сағатқа ҚҚС-сыз 0,41 теңге болып, 2023-ші жылдың 1-ші наурызынан бастап қолданысқа енгізілетінін хабарлаймыз.

Анықтама алу үшін 6-35-48 нөмірлі телефонға хабарласуларыңызға болады.

Университет әкімшілігі
01.03.2023 жыл

8 наурыз туралы 8 қызықты дерек



Арулардың шуақты мерекесінің қарсаңында 8 наурыз туралы қызықты деректерді назарларыңызға ұсынамыз.

1. Бұл мереке теңдік үшін күрескен жұмысшы әйелдердің арқасында дүниеге келген. «Халықаралық әйелдер күні» идеясы Клара Цеткинге тиесілі. XX ғасырдың басында Клара өзінің құрбысы Роза Люксембургпен бірге өзге қыз-келіншектерді алаңға шеруге шығуға шақырған. Олардың бар көздегені – әйелдер проблемасына көптің назарын аударту еді.
2. Арулар мерекесі Ежелгі Римде де атап өтілген. Бұл күні римдіктер өз жұбайларына сыйлық жасап, тіпті күндерге де демалыс берілген екен. «Құлға да бір күн демалыс» деген осы!
3. 1912 жылы әйелдер қауымы өз мерекесін 12 мамырда тойлаған. Нәзік жанды арулар меншікті мейрамын тек 1914 жылдан бастап 8 наурызда атап өтуге көшіпті.
4. Кеңестік кезеңде 8 наурыздың басты гүлі мимоза саналды. Бірақ, шын мәнінде Әйелдер күні десе, бірден есімізге мимоза емес, күміс түстес қараған түседі. Қараған мимоза тұқымдас өсімдіктердің қатарына жататындықтан, жұрт та гүл мәселесінде жаңылысып қалғанға ұқсайды.
5. 1914 жылдың 8 наурызында Кеңес одағында «Жұмысшы» журналының алғашқы нөмірі жарық көрді. Ал, 1950 жылы әйелдер күнінде КСРО атом бомбасының бар екенін айтып, жарияға жар салды. Ең қызығы, «Жұмысшы» журналы әлі күнге дейін бар.
6. 1910 жылдың 8 наурызында француз ұшқышы Элиз де Ларош әлемдегі аэроплан басқаратын тұңғыш әйел-ұшқыш атанды. Бұл атақтың ұшқышқа дәл сол күні берілуі жай ғана кездейсоқтық болды. Өйткені, ол кезде әйелдер мерекесі тойланбайтын еді.
7. Бүгінде 8 наурыз әлемнің көптеген елдерінде тойланады. Олар: Армения, Әзербайжан, Ауғанстан, Беларусь, Буркина-Фасо, Вьетнам, Гвинея-Бисау, Грузия, Замбия, Қазақстан, Камбоджа, Қырғызстан, Кирибати, Қытай, Коста-Рика, Куба, Лаос, Мадагаскар, Молдова, Моңғолия, Непал, Ресей, Сербия, Тәжікстан, Түркіменстан, Уганда, Өзбекстан, Украина, Хорватия, Черногория, Эритрея, Латвия.
8. Мадагаскарда 8 наурыз күні тек қыз-келіншектер ғана демалады, ер азаматтар жұмыс істейді. Ал, Қытайда бұл күн мереке болғанымен, жұмыс күні саналады. КСРО-да «Халықаралық әйелдер күнінде» демалу үрдісі 1966 жылдан бастау алған. Оның алдында қыз-келіншектер мейрам кезінде де жұмыс істеген екен. Бір қызығы, 8 наурыз Сирияда – Революция күні, Замбияда – Жастар күні, Малайзияда – сұлтан күні, Либерияда – құрбандарды еске алу күні болып саналады.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа және PR орталығы

Тілшілер:
«Журналистика»
мамандығының студенттері

Фото маманы: Нақып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru